

## **"Жапшай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 169

"Жапшай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 . 2 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның күші бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматты болып табылатын адамдардың бәріне қолданылады.";

үшінші бөліктегі "Қазақстанға" деген сөзден кейін "және Қазақстаннан" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "балалары" деген сөзден кейін үтір қойылып "сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 3-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Елден аластату, тұратын жерлерінен немесе мекен еткен аудандарынан аулақтатылу (айдауға немесе жер аударуға жіберу) арнайы қоныс аударуға жіберу түріндегі саяси қуғын-сүргіндердің қолданылғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда (олардың жойылып жіберілуіне байланысты), қуғын-сүргіндерді қолдану фактісін тану үшін негіз адамдардың қуғын-сүргіндер акцияларының салдарынан Қазақстанның

аумағында нақты тұрғанын анықтау болып табылады."

3. 22-баптың бірінші бөлігіндегі "психиатриялық мекемелерге жатқызу" деген сөзден кейін үтір қойылып "арнайы қоныс аударуға жіберу" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК